

ӘОЖ 316.7

МОТИВАЦИЯ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МОТИВАЦИЯ ҰҒЫМЫ ЖАЙЛЫ ТЕОРИЯЛАР

Мұстафа Назерке Алматықызы

Mustafanazerke97@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік жұмыс мамандығы
1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Д.Г.Есимова

Мотивация адам өмірінің бұрынғы ғылымында орын ала бастаған. Жүз жылдықтың бірінші жарты жылында әр елдерде мотивация туралы ұғымдарды жан-жақты әр түрлі қарастыра бастаған. Мысалы, өздерінің түрткі және мотивация туралы зерттеулерін Фрейд Австралияда, Левин Германияда жүргізе бастаған және мотивация туралы пікірлер әр түрлі жағдайларда көп қарастырылған. «Түрткі» өзіне нақты жағдайда жүре бастаған талап етуді, қозуды, тырысуды тағы басқа қасиеттерді қосып алады. Осы терминдер динамикалық жағдайда бағыттталып, іс-әрекеттің нақты бағалық жағдайын, субъективті тырысуын бағыттайды. Осы қасиеттердің барлығын қорытындылай келе және мотивацияның психологиялық зерттеулерін жүргізе отырып «түрткі» және «мотивация» деген ұғымдар туады. Түрткі бұл барлық қарым-қатынастағы «индивид-орта». Егерде түркіні бір шеңбердің ішіндегі қарым-қатынастың «индивид-ортасы» деп түсінсек, онда бұдан шыққан мотивацияның психологиялық мәселелерінің негізгі сегіз түрін атап өтуге болады:

- 1) «Индивид-орта» қарым-қатынастың эквиваленттілігі.
- 2) Жеке даралы өсу кезінде және нақты бағалы диспозиция қалыптасқанда түрткі қалыптасады.
- 3) Адамдардың жеке тұлғалық қасиеттері мен бірге түрткілері де өзгеріп отырады.
- 4) Адамның мінезі нақты бір жағдайда әр түрлі түрткіні иерархияға бағыттталып, түрткілері әр түрлі жағдайға тап болып келеді.

5) Мотивация мінез-құлықтан қалыптасқандықтан түрткісі қалады.

6) Қозудың іс-әрекеттегі байланысын мотивация ретінде түрткі анықтайды.

7) Мотивация жеке процес емес, бұл мінез-құлықты басынан аяғына дейін анықтайды.

8) Мотивтендірілген іс-әрекетті мотивациямен салыстыруға болмайды. Іс-әрекет әр түрлі функционалды компоненттерден тұрады және мотивациядан осы қабілеттерде ары қарай бағыттталып, қолдануын қажет етеді. Көп жағдайда біз мәселелердің қорытысында көрсетілген мотивациямен кездесеміз. Буржуазиялық психологтер мотивация жайлы былай деген: «Сотивация өзіне нақты механизмдердің бөлінуін, мазмұнды жақтарын қоспайтын қандай да белсенді таза энергетикалық жинақ». Фриердан ойынша түрткі бұл энергиялық аспект реакциясының тәжірибесі. Броун және Фарбер анықтамасы бойынша «Мотивация» оқудың энергетикалық, динамикалық функциясынан өзгеше ассоциативті, айнымалы функциясы». Рубинштейн С.Л. ойынша «Мотивация бұл психика арқылы детерминнің құралуы». «Мотивация – өмірдегі адамның субъективті мінезінің детерминантта көрінетін саналы, санасыз процес». Войтонис бойынша: «біз түрткіні организмнің тепе-теңдігіне қатысты басқа жүйе реакцияларын жүзеге асыруға көмектесетін, бірінші организммен байланысты жүйе реакциясы ретінде анықтаймыз. Селиванов В.Н. «түрткіні негізгі жағымды мазмұнды бекітілген ерікті сапаның үзіндісімен қарастырған». Кеңес психологтерінің ерекшелігі түрткі мен мотивацияның ерекше жақтарын қарастырған. Бұларда барлық ғалымдар «түрткі» және «мотивация» жайлы ұғымдарға әр түрлі анықтамалар берген. Ғылыми жұмыспен іс-әрекет жасай бастаған іс-әрекеттің түрткісіне бағыттталып айналысқан. Өйткені іс-әрекет мотивтендірілген болып келеді. Мінездің актілеріне қолданылатын, бір мақсатқа бағытталған мұндай іс-әрекет ғана түрткі емес, мотивация болып қарастырылады. Нақты бағытталған мотивация мұны түсіндіре алмағандықтан, мотивация мәселе болып қала береді. Түрткі арқылы адамның мінезін бақылауға алғанда оның мотивациясын өзгертуге болмайды. Мотивацияның кіріспесін және түрткінің анықтамасын бірге қолдану керексіз болады. Егерде қолдансақ екеуінің айналысында қате көп болады. Мотивацияның принципі өзін-өзі бағалау. Кэнфера, Бандура, мінез-құлық принципі өзін-өзі бағалауды екі түрлі мәселе жүйесінде шешті.

1) Басты стандартты орындалу өзіндік бекітуде қандай жолмен анықталатындығы.

2) Өзіндік бекіту іс-әрекетке әсер ете ме екендігі жөнінде. Бірінші, мәселені Бандура ғылымның көмегімен және үлгі салу арқылы, стандартты өзіндік бекіту арқылы шешті. Екінші, мәселеде, түрткінің психологиялық мәселесі қарастырылды. Бондураның мотивациялық-психологиялық концепциясы Аткинсонның үлгісіне ұқсас болып келеді. Аткинсонның үлгісінде мотивация – іс-әрекетпен орындарын ауыстырып, өзгертіліп қарастырылып отырады. Бірақ, Аткинсонда екі өзгешілік бар.

1) Үлгіде стандарт тәуелді емес.

2) Мотивацияның жеке даралық өзгешелігі болады.

Мотивацияның ол – қандайда бір әрекетке, мінез-құлыққа жалпы бағыттылық пен энергетикалық импульс беретін психикалық процестердің жиынтығы болып табылады. Мотивацияның теориялары бихевиористтік және когнетивті бағыттардың негізінде дамиды. Олар қандай да бір негіз-тұрғыларға сүйене отырып жүзеге асқандықтан олар эксперименталды болады. Психоаналитикалық және гуманистік концепциялардың көбі тәжірибеде экспериментсіз қолданылады.

Мотивация мәселесін когнетивті бағытта шешуге болады. Психологтер адамдардың дүние мен іс-әрекет туралы елестетулерінің толық белгілері келеді. Бірақ психологтер көбіне адамдардың басында не болып жатқандығының белгілері келеді. Ал жүректе не болып жатқандығын қарастырмайды. Мотивацияның когнетивті теориясы адамның іс-әрекеті жеке тұлғасымен жағдайға байланысты дұрыс интерпритацияланады. Когнетивті теорияның зерттеушілері адам әрекетіне әсер ететін сыртқы әсерлердің мүмкіншіліктері жайлы бихевиористтік тезис қарастырады. Олар тек адам әрекетін ғана емес, сонымен қатар психикасын да біле бастады.

Сонымен қатар бихевиоризмге сәйкес эксперименттің қатандығын жүзеге асырған.

Мотивация теориясының когнитивті құрылымы және процестері. Бұның қалыптасуы екі түрлі мағынаны керек етеді. Екіншіден, мотивация шындық, ойлы пәде олар жайт болып табылады. Мотивация шешімді түсінетін, ойлау құрылымына көмектесетін немесе эмперикалық тілде, жалпы гипотикалық конструкция құрады.

Мотивацияның когнитивті теориясы жоғары орын алады. Мысалы, Уотсон мен Скиннердің ғылыми теориясын қарастырғанда әр түрлі қатардағы когнитивті процестердің теоретикалық жақтары үлкен немесе кіші стимул реакциясымен бөлшектенеді. Проекция, ретроспекция немесе алдын-ала бағытталған «с-әрекет оқиғаның антиципациясы және олардың нәтижесінің, өзекті жағдайдың бағасы.

Сонымен қатар когнитивті процес қарапайым эпифенелон ретінде қарастырылмайды, ал фактор мінездің соңғы және түрткінің шешімді көрсеткішіне әсер ететін оқиғаның базисі ретінде қарастырылады. Мотивация мәселелері жағынан көбінде ең бірінші әдістемде қарым-қатынастағы когнитивті теория елестер басшылық көрсететін осы жағдайлар теоретиканы қиындатады.

Ақпарат актуалды ситуация және зерттеу жиынтығын ұсынады. Бихевиористтік теорияда жағдай тәуелсіз термин «стимул» ретінде бірге қолданылады және экспериментте қолданылып төрт мәселені анықтайды.

1) Өзінің өзекті айналысының қай бөлімінде болмасын тірі ағзалармен тіркеу жасайды. Бірінші кезекте санадағы кенет, жаңа, тұйық елестету жағдайындағы қорытынды ақпаратты көрсетеді. Олар тәуелді субъектте қолданылатын ерекше бір іс-әрекет.

2) Жай сигналдық елестеуінен жалпы конфигурацияның толық елестеуіне дейінгі ұзақ диапазонда ақпарат қаншалықты қарапайым және қаншалықты артығырақ көрінеді.

3) Ақпаратпен мотивациялық ерекше жағдайын қалай бөлуге болады.

Бұлар үш принцип бойынша бөлінеді.

1) Физикалық констатация.

2) Ерекше субъективті және интерсубъективті мәлімет.

3) Нақты индивидте жағдайдың сәйкестігі

Психологияда мотивация тіршіліктің субъективті жағынан қарастырылады. Жағдайдық бағасын талап етумен және сонымен байланысты негізгі қиыншылықтың психологиялық зерттеудегі мотивациясы методологиялық мәселеде жеке басының сәйкестілігін өзімен қосып қарастырады.

4) Индивид және оны қоршаған айналысы арасындағы шекара.

Мотивация теориясының жетістігі және сәтсіз жағдайлардан қашу іс-әрекеттің түрі. Мотивацияның және іс-әрекеттің жетістігі арасындағы байланыстар анық көрінеді сызықты мінез көрсетілмейді. Мотивациялық көрініс бірнеше рет қайталанып, уақыт өте тұлғаның ерекшелігі болып қалады. Мұндай ерекшеліктерге түрткі жетістігі және сәтсіздіктерден қашу түрткі нақты бақылау, өзін-өзі бағалау, тартылу сатылары жатады. Түрткі жетістігі дегеніміз қарым-қатынаста және әр түрлі іс-әрекетте адамның табысқа жетуге тырысушылығы.

Билік түрткісінен құралған қарым-қатынаста ояну, агрессивтілік және адамдардың өмірінен құралған түрткі (альтруизм).

Бұл түрткілер көп әлеуметтік көрсеткіштерге ие. Адамдармен қарым-қатынаста эмоционалды жақтарды қалыптастырады. Когнитивті теория авторлардың негізгі тезисі индивидтің жүріс-тұрысын, тәртібін, білімін түсінігін бағыттайды. Білім ақпараттың қарапайым түрі, жиыны ғана емес. Адамның дүние туралы түсінігі, оның болашақ тәртібін, жүріс-тұрысын бағдарлайды. Адамның не істей алатыны белгіленген қажеттіліктеріне, терең ұмтылыстарына ғана емес, шындық туралы өзгермелі түсінігіне тәуелді.

Олардың біреуі адамның қандай да бір нәрсеге болсын бағалық қатынаста қарсы тәртіп болғанда пайда болады. Егер адам өзінің түсінігіне, пікіріне сай емес бір нәрсені істеуге келіссе, болашақта оның пікірі, түсінігі өзгеруі мүмкін.

Мотивация жайлы жеке теоретикалық мәселелер және ассоциативті бағыттарға тоқталатын болсақ,

3.Фрейдтің негізгі теориясы бойынша адам неврозбен ауырғанда психоанализдік әдісте клиникалық бақылау терапевтік қарау деп аталады. Емдеу әдістері Фрейдтің теоретикалық көзқарасымен қазіргі психоаналитикалық терапия жайлы көзқарасқа сәйкес келмейді. Фрейд психоанализді жеке өзгерістің конструктораның жетістігі және тұрақтанбаған зат алмасу деген. Терапевтік жағдайда ойланған еркін ассоциация шешімі дұрыс деп қарастырылған. Еркін ассоциацияда терең санасыз орналасқан ассоциацияларды бірінен кейін бірін кіргізіп отыратын, практикалық психоаналитиктер қамтылады.

Когнитивті және аффективті ассоциациялары бар мінездің басқа формалары да Роберт пікірі бойынша санасыз процеске бағытталады. Роберт санасыз мотивацияның негізгі бөлімдерін қарайды.оның ашқан еркін ассоциация адамның сезімінің оянуына себеп болады.

Адлердің бағыты адамның мақсатындағы түрткі процестерін оқу, ата-аналардың баламен қарым-қатынастағы анализіне жол іздеу.

Э.Эриксон өз көзқарасы бойынша адамның өміріне сегіз психо-әлеуметтік стадияны енгізді. Стадиялар басты психологиялық қарама-қайшылық терминдері бойынша өрнектелген:

- 1) Базалды сенім – базалды сенімсіздік;
- 2) Автономды күдіктену және ұялу;
- 3) Инициативтілік кінә;
- 4) Еңбекқорлық – жеткіліксіздік;
- 5) Эго – идентивтілік – рольдік орналасу;
- 6) Жақындау – изоляция;
- 7) Өнімділік инерттілік;
- 8) Эго – интеграция қайғыру.

Осы қарама-қайшылықтың өзінен жеке адамның индивидуалды талап етіледі. Фромм жеке адамның әлеуметтік және мәдени факторынан Фрейдтік тенденциясымен персоналдылықты бөліп қарастырды. Э.Фромм экзистенциялық қажеттіліктің қанағаттануынан, әлеуметтік, экономикалық және саяси шешімдердің құрылымынан мінездің негізгі бағдары көрінетіндігін айтты [5, б. 56-58].

К.Хорни теориясы он невротикалық қажеттілікті бөліп қарастырады. Невротикалық әр түрлі жағдайға тітіркену бір ғана қажеттілікке тірелетінін сау адамдардың өзгешелігі. Хорни бойынша базалды қорқу – негізгі невроздық ауру болып табылады. К.Хорни психоанализ теориясында осы мәселелермен жұмыс жасайды.

Гуманистік психологияның негізі – экзистенциализм болып табылады. Экзистенциализм қоршаған ортаның әсерлерін индивид қалай бар солай қабылдау керек деген.

Г.Олпорт тұлғаны зерттеуде қалыпты адам дене қажеттіліктерінен тәуелсіз, жоғары түрде саналы деген.

К.Роджерс бойынша тұлға басқарылып отыру керек. Адам өзінің сезімдеріне сену керек. Адамның әрекетіндегі негізгі мотивациялық күш индивидтің өзінің қабілеттерімен потенциаларын реализациялай білу болып табылады. Адамда өзіндік ұйымдастыруға ұмтылу негізгі мәселе. Адамдар «идеалды-мен», «шындық мен»ге жақындатуға тырысады.

Психологиядағы гуманистік теориядағы қажеттіліктер иерархиясы жайлы Маслоу адам әрекеттерінің 5 негізгі мотивтер тобын көрсетеді.

- 1) Физиологиялық;
- 2) Қорғаныс;
- 3) Махаббатқа бағынушылық (яғни, сүйікті болу);
- 4) Бағалау мақсатқа ұмтылу, әлеуметтік жоғары статусқа ие болуға қажеттілік;
- 5) Өзіндік реализация (эстетикалық, танымдық).

Маслоу төменгі деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттануына байланысты мотивтер туа біткен мінездеме алады. Яғни төменгі деңгей қажеттіліктерінің қанағаттануы келесі деңгей қажеттіліктеріне өтуге жағдай болады.егер төменгі деңгей қажеттіліктер қанағаттанбаса, жоғары деңгей қажеттіліктерін өтеу мүмкін емес. Адам қажеттіліктерін өтеу мүмкін емес.

Адам қажеттіліктерін өтеу үшін алға ұмтылып іс-әрекет жасалынады. Адамның мұнда мінез-құлқы қажеттіліктері қанағаттанбайды да, төменгі деңгей жеңеді.

Маслоу эксперименталды теориясын дамытуға белгілі шығармашылық табыстарымен ерекшеленетін тұлғалардың биографиясын оқып, үйреніп, оларға «самоактуализаторлар» деген атау берді. Оларға Спиноза, Линкольн, Эйнштейн, Рузвельт студенттерін бақылап, арасына «өзін-өзі актуалдандыратындарды» жіктеді [5, б. 56-58].

Маслоу мотивтерді қажеттілік және бой түрткілері деп бөледі. Екілері иерархияда жоғарғы жағдайларды негізгі айырмашылық қажеттілік мотивтері мотивациясының төмендеуіне әкеледі, ал бой мотивтері қанағаттануы мотивацияның жоғарылауына әкеледі.

Мотивацияның психоаналитикалық теориялары көптеген іргелі ұсыныстарды ұсынды. 1990жылы Фрейд барлық әрекеттер немесе мінез-құлық ішкі, биологиялық инстинктілердің нәтижесінен болады. Олар екі санатқа бөлінеді: өмір (жыныстық) және өлім (агрессия). Фрейдтің көптеген шәкірттері осы тұжырымдамаға байланысты оған қарсы болды. Мысалы, Эриксон (1993) және Салливан (1968) тұлғааралық және әлеуметтік қатынастар негізгі болып табылады деп болжады, ал Адлер (1989) билік деп қарастырса, Юнг (1953, 1997) темперамент және жан немесе жеке мәнділікті іздеу деп тұжырымдады.

Ақырында, қорытынды шығарғым келеді: адам ішкі және сыртқы күштердің қысымымен айқын әрекеттерді жүзеге асырады. Бұл мотивация деген күштер жиынтығы әр адамда бірдей реакция шақырмайды. Сондықтан мотивацияны бір мағыналы сөзбен айту мүмкін емес. Бірақ эмпиризмдік зерттеулердің негізінде мотивацияға әсер ететін факторларды суреттейтін бірнеше концепция өңделген болатын. Негізінен мотивация теориялары қажеттіліктердің әр түрлі топтарының адамның мінез-құлығына ықпал етуіне назар аударады. Бұл концепциялардың принципшіл айырмашылықтарына қарамасақ, олар адам мотивациясының әрекетіне жалпылық қайтаратын ортақ ұқсастығы бар. Өнер – адамдарды басқарады, ол үшін оқу керек және оған бір жеткілікті емес. Тәжірибедегі теорияларды ғана қолдана отырып, көздеген мақсаттарға жетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. — М., Смысл, Академия, 2005. — 352 с. ISBN 5-89357-153-3
2. Маслоу А. Г. Мотивация и личность. — СПб.: Евразия, 1999. — 478 с. ISBN 5-8071-0016-6
3. Yerkes R.M., Dodson J.D. The relation of strength of stimulus to rapidity of habit-formation // Journal of comparative neurology and psychology. — 1908. — Т. 18. — С. 459—482